

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Орталық Қазақстан академиясы
«XXI ғасырдағы ғылым және студент» атты студенттер мен
магистранттардың халықаралық ғылыми-теориялық
конференциясының
АҚПАРАТТЫҚ ХАТЫ

2013 жылғы 26 сәуірде Орталық Қазақстан академиясында «XXI ғасырдағы ғылым және студент» атты студенттер мен магистранттардың халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы өткізіледі.

Конференцияның жұмыс тілдері – қазақ, орыс, ағылшын тілдері.

Тақырыптық бағыттары:

- Қылмыстылықпен күресудегі қазіргі заңнаманың даму келешегі;
- Азаматтық-құқықтық қатынастардың мәселелері;
- Қазақстандық қоғамды жетілдірудің экономикалық аспектілері;
- Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері;
- Қазіргі заманғы филологиялық зерттеулердің өзекті мәселелері;
- Білім және ғылымдағы инновациялық технологияларды дамыту

мәселелері.

Конференцияға қатысушылар осы бағыттарға ұқсас басқа тақырыптар бойынша баяндамаларын ұсынуларына болады.

Конференция жұмысына қатысу үшін ЖОО студенттері мен магистранттары шақырылады. Ұсынылған материалдар конференция жұмысының басталуына дейін басылып шығарылатын болады.

Қатысу шарттары: конференция жұмысына қатысу үшін 2013 жылының 2 сәуірінен кеш қалмай ұйымдастыру комитетіне мәлімдеме (мәлімдеменің үлгісі қосымша тіркеледі) мен электрондық түрде мәтінді жолдаулары қажет.

Ұйымдастыру төлемі магистранттар үшін 2000 теңге мөлшерінде.

Жолданатын мақалаларға талаптар:

Мақала көлемі 2-3 бет көлемінде Microsoft Word редакторының форматында басылуы қажет; Қарпі Times New Roman; Жиектері: сол жақ жиегі — 3 см, оң жақ жиегі — 1,5 см, жоғарғы және төменгі жиектері — 2 см. Қарпі — 14, абзацтық шегініс — 1,0.

Бірінші жолда — жоғарғы оң жағында автор туралы мәліметтер көрсетіледі: (Т.А.Ә., қарпі әдеттегі, жартылай қара әріппен жазылған, түзу). Екінші жол — ЖОО атауы (бірінші жолдан кейін бір аралық арқылы). Келесі азат жолы баяндаманың атауы бас әріптермен жазылуы тиіс (қарпі әдеттегі, жартылай қара әріппен, ортасы бойынша түзу). 1 аралық арқылы – мақаланың мәтіні қызыл жолдан. Әдеби қайнар көздерге сілтеме стандарттарға сәйкес және тізім ретінде мақаланың соңында 1 аралық арқылы негізгі мәтіннің алмаспайтын нөмірлеу (1, 2) арқылы жазылуы тиіс.